

Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 468 "Қылмыскерлік және жемқорлықпен күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 12 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 11 ақпанда N 512 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 17 қарашадағы N 5/683 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 17.11.2003 № 5/683 қаулысымен.

Алматы қаласы Әкімінің жанындағы Қылмыскерлік және жемқорлықпен күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесінің кейбір мүшелерінің басқа қызметке өтуіне және оның құрамына жаңа мүшелерді енгізуге байланысты, Алматы қаласының Әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 468 "Қылмыскерлік және жемқорлықпен күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы" (Алматы қалалық әділет басқармасында 2000 жылғы 17 тамызда N 154 тіркелген, 2000 жылғы қыркүйекте "Алматы Ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде тіркелген) шешімінің N 1 қосымшасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Әбдіқадыр Кәрімұлы Кәрім, Рахат Мұхтарұлы Әлиев, Сәкен Жүсіпахметұлы Абдоллаев, Серік Пікұлы Нұғманов және Ермек Серікұлы Ысмағұлов, Алматы қаласы Әкімінің жанындағы Қылмыскерлік және жемқорлықпен күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесі мүшелігінің қатарынан шығарылсын.

2) Үйлестіру Кеңестің мүшелігіне мыналар енгізілсін: Саттыбек Оңғарбайұлы Оңғарбаев - Алматы қаласының прокуроры, Қосбасар Болатбекұлы Нұрбеков - ҚР ҰҚК Алматы қаласы бойынша департамент бастығы, Рәшіт Құлтайұлы Дүбаев - Алматы қалалық Әділет басқарма бастығы, Әниятолла Өмірзақұлы Сәрсенов Алматы қаласы бойынша Қаржы полициясы департамент бастығы, Ерлан Тоқтарханұлы Қожақапанов - ҚР Мемлекеттік кіріс министрлігі Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқарма бастығы.

2. "Алматы қаласы Әкімінің 2000 жылғы 16 мамырдағы N 468 "Қылмыскерлік және жемқорлықпен күрес жөніндегі Үйлестіру кеңесі туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Алматы қаласы Әкімінің 2001 жылғы 2 мамырдағы N 294 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Алматы қаласының Әкімі

В. Храпунов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК